


8

НАУРЫЗ



Сіздердің көктеммен бірге келетін тамаша мейрам – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Асыл анасын сыйлайтын, қамқор әпкесін құрметтейтін, тілеулес қарындастын қадірлайтін және өзінің сүйкіті жары мен қызын жанындағы жақсы көретін адамдардың бәрі бүгінгі күні ерекше күйге бөлөніп, қымбат қазыналарына құрмет пен ілтипат білдіруге тырысады.

Ақ жаулықты аналарымыз еріне – тірек, ел бірлігіне тұтқа болған. Көкжиектен тамыр тартқан тарихи оқигаларға зер салсақ, біздің қыздарымыз адалдық пен сұлулықтын, батырлық пен ерліктің өшпес өнегесін көрсеткен. Халқымызда «Ананың ак сүтін адал емген» деген қанатты сөз бар. Мұның мағынасы өте терең. Мазмұны жан-жақты. Жер бетіндегі тіршілік күннің көзінен нәр алса, адам баласы ананың сүтінен қуат алады.

“Отан отбасынан басталады” дейді дана халқымыз. Ал отбасының үйліккісі, «Ақ бесіктің иесі, туган жердің

киесі» - алтын жүрек аналарымыз. Олар халқымыздың ең күнды қазынасы бол саналады. Ана алдында бас имейтін жан жоқ. Өйткені, ананың жүргегі нәзік, рухы мықты.

Жаңа дәүірде Қазақстанның дүние жүзіндегі дамыған мемлекеттермен терезесі тәң болып, гүлденуіне елеуіл үлес қосқан қайраткер аналарымызды, апа-қарындастарымызды бізерекшемақтанетеміз. Қазақстанның әйелдер билікпен бизнесте, ғылым мен мәдениетте ерекше қабілетімен танылуда. Олардың бойында шығыс мәдениетіне тән нәзіктік пен ұстамдылық, батыс өркениетіне тән ой тәуелсіздігі мен еркіндік бар. Елбасының «Әйел - әмір тірері ғана емес, әйел - әмірдің өзі» деп атап өтүі зор сүйіспеншілік тұғызыады. Қазіргі кезде қоғамдық әмірдің кез келген саласын әйелдерсіз елестету мүмкін емес. Олар – геолог, олар – археолог, олар – педагог, олар – дәрігер, олар – құрылышсы, олар – металлург...

Сіздер адап жар, қамқор ана, сенімді дос кана емес, сонымен бірге жақсы басшы, білікті маман, іскер үйімдастыруши болып, жалпы алғанда, жаңа заманга сай қызмет атқарып жүр сіздер. Мереке құтты болсын! Айтулы мерекеде Сіздерге зор денсаулық, жақсылық, сәттілік тілеймін! Бейбітшілік пен келісім, туындылар мен куаныш қашан да жандарыңыздан табылсын!

Жұмахан Үшкемпірұлы МЫРХАЛЫҚОВ, М.Әузев
атындағы ОҚМУ-дың ректоры, ҚР Үлттық инженерлік
академиясының корреспондент-мүшесі, техника
ғылымдарының докторы, ҚР Үлттық Академиясының
корреспондент-мүшесі, профессор